

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, өндіру, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау және сатып алу жөніндегі қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы" 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 1351 және "Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сату, пайдалану және сатып алу жөніндегі қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы" 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 1352 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 31 тамыздағы № 513 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) «Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, өндіру, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау және сатып алу жөніндегі қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 1351 (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 81, 704-құжат) қаулысында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
«Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, өндіру, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау жөніндегі қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
« 1. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, өндіру, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау жөніндегі қызметтің лицензиары;

2) Астана, Алматы қалаларының, облыстардың Көліктегі ішкі істер департаменттері азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын жөндеу, коллекцияға жинау, экспонаттау жөніндегі қызметтің лицензиары болып белгіленсін.»;

2) «Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сату, пайдалану және сатып алу жөніндегі қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 1352 (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 81, 705-құжат) қаулысында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды

әзірлеу, өндіру, сату, пайдалану жөніндегі қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері
т у р а л ы » ;

1-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен
соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К.Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК